

«ЕСІЛ АУДАНЫНЫҢ
ӘДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ»
ТІРКЕЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕМЕН
ЖӘНЕ ТОЛЫҚТЫРУЛАР

2018 ж. 12. 10 жүргізілді
БСН 030440000693
Алғашқы тіркелген күні 2003 жыл 15.04
Күелік № 4372-1901-01-118

«АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ» МЕМЛЕКЕТТІК
КОРПОРАЦИЯ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК
ҚОҒАМЫНЫҢ НҮР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ БОЙЫНША
ФИЛИАЛЫНЫҢ ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮПІККЕ ҚҰҚЫҚТАРЫ
ЖӘНЕ ЗАМДЫ ТҮЛҒАПАРДЫ ТІРКЕУ БАСҚАРМАСЫ

Бастапқы тіркелген күні 2012. 12. 04

ТІРКЕЛГЕН ӨЗГЕРТУЛЕРМЕН
ЖӘНЕ ТОЛЫҚТЫРУЛАРМЕН
ЖАРАМДЫ

№ 4372-1901-01-1180-118
БСН 030440000693

Қазақстан Республикасының
Қорғаныс және аэроғарыш
өнеркәсібі министрінің

2018 жылғы « 04 » 10
(№ 170/118) бұйрығымен
бекітілген



**«ҚАЗАҚСТАН ИНЖИНИРИНГ» (KAZAKHSTAN ENGINEERING)»
ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ
ЖАРҒЫСЫ**

Астана, 2018

1-ТАРАУ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ

1. Осы Жарғы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң), «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді.

2. Осы Жарғы «Қазақстан инжиниринг» (Kazakhstan Engineering) ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Компания) заңды тұлға ретіндегі құқықтық мәртебесін белгілейтін құрылтайшылық құжат болып табылады:

3. Барлық мүдделі тұлғалар осы Жарғымен танысуға құқылы. Мүдделі тұлғаның талабы бойынша Компания оған енгізілген кейінгі өзгерістер мен толықтыруларды қоса алғанда, осы Жарғымен танысу мүмкіндігін жасауға міндетті. Компания үш жұмыс күні ішінде Жалғыз акционердің оған осы Жарғының көшірмесін беру туралы талабын орындауға міндетті.

2-бап. Компанияның мәртебесі

4. Компания «Қазақстан Республикасының қорғаныс-өнеркәсібі кешенінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 13 наурыздағы № 244 қаулысына сәйкес құрылды.

5. Компания өзінің қызметін жүзеге асыру үшін қаражат тарту мақсатында акциялар шығаратын заңды тұлға болып табылады. Компанияның меншік нысаны - жеке меншік.

6. Компания жалғыз акционердің мүлкінен жекеленген мүлікке ие және Жалғыз акционер Компанияның міндеттемелері бойынша жауап бермейтіні сияқты, оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, өзіне тиесілі акциялардың құны шегінде Компанияның қызметіне байланысты залалдар тәуекелі бар.

Компания өзінің мүлкі шегінде өзінің міндеттемелері бойынша жауап береді.

7. Компанияның дербес балансы, банктік шоттары, мемлекеттік және орыс тілдерінде атауы көрсетілген мөрі бар.

Компанияның фирмалық атауы, тауарлық белгісі бар. Компанияның сондай-ақ корпоративтік логотипі, туы және басқа да даралау құралдары бар, олардың үлгілері белгіленген тәртіппен бекітіледі және тіркеледі.

8. Компания Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына қатысуға құқылы.

9. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген тәртіппен Компания өзінің тұрған жерінен тыс орналасқан, заңды тұлғалар болып табылмайтын және олар туралы Ереженің негізінде Компанияның

атынан және оның тапсырмасы бойынша іс-әрекет жасайтын филиалдар (өкілдіктер) құруға құқылы.

3-бап. Компанияның атауы және оның орналасқан жері

10. Компанияның толық және қысқартылған атауы:

1) мемлекеттік тілде:

«Қазақстан инжиниринг» (Kazakhstan Engineering) ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы;

«Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ;

2) Орыс тілінде:

Акционерное общество «Национальная компания «Казakhstan инжиниринг» (Kazakhstan Engineering)»;

АО «НК «Казakhstan инжиниринг»;

3) ағылшын тілінде:

Joint Stock Company «Kazakhstan Engineering» National Company»;

JSC «Kazakhstan Engineering» NC».

11. Компанияның атқарушы органының орналасқан жері:

Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Қонаев көшесі, 10.

4-бап. Компанияның құрылтайшысы және акционері

12. Компанияның құрылтайшысы Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылады.

13. Компанияның жалғыз акционері Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылады.

Компанияның мемлекеттік акциялар пакетіне иелік ету және пайдалану құқығын жүзеге асыратын тиісті саланың уәкілетті органы (бұдан әрі- Уәкілетті орган) Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің келісімі бойынша қабылданатын мәселелерден бөлек, Жалғыз акционердің құзыретіне жатқызылған барлық мәселелер бойынша дербес шешім қабылдайтын Қазақстан Республикасының Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі болып табылады.

Компанияның мемлекеттік акциялар пакетіне иелік ету және пайдалану құқығы «Қазақстан инжиниринг» (Kazakhstan Engineering) ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 03 шілдедегі №405 қаулысына сәйкес, Қазақстан Республикасының Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігіне берілді.

5-бап. Компания қызметінің мақсаты, негізгі бағыттары және түрлері

14. Компания қызметінің мақсаты дербес шаруашылық қызметін жүзеге асыру және Компанияның құрамына кіретін еншілес және тәуелді ұйымдарды басқару нәтижесінде таза кіріс алу болып табылады.

15. Компания қызметінің негізгі бағыттары:

1) жаңғырту және техникалық қайта қаруландыру есебінен Компанияның еншілес және тәуелді ұйымдардың өндірістік қызметін әртараптандыру жолымен тұрақты дамуын қамтамасыз ету;

2) Компанияның еншілес және тәуелді ұйымдарының стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге жетуін қамтамасыз ету;

3) инвестициялық жобалардың іске асырылуын қамтамасыз етуді қоса алғанда, соның ішінде Компанияның еншілес және тәуелді ұйымдарындағы инвестициялық қызмет;

4) оларды тиімді басқаруды қамтамасыз ету үшін Компанияның еншілес және тәуелді ұйымдарында корпоративтік басқаруды енгізу және жетілдіру;

5) Компанияның еншілес және тәуелді ұйымдары қызметінің экономикалық тиімділігін арттыру, соның ішінде олардың қаржылық нәтижелерін барынша көбейту;

6) мұнай-газ, теміржол, энергетика, ауыл шаруашылығы және экономиканың өзге де салаларының қажеттіліктері үшін өнімдер шығара отырып, Компанияның еншілес және тәуелді ұйымдарында машина жасау өндірісін ұйымдастыру, сондай-ақ аталған салаларда жұмыстарды орындау және қызметтер көрсету;

7) экспортқа бағдарланған өнімдердің үлесін арттыру.

16. Компания қызметінің негізгі түрлері:

1) қорғаныс, қосарланған және азаматтық мақсаттағы өнімдерді әзірлеу, өндіру, сату және жою саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысу;

2) ішкі қажеттілікті және экспортты қамтамасыз ету үшін қорғаныс және қосарланған мақсаттағы өнімдерді дамыту және өндірудің ағымдағы және ұзақ мерзімді салааралық бағдарламаларын әзірлеуге және іске асыруға қатысу;

3) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, басқа да әскерлері мен әскери құрамалары үшін қару-жарақтың, әскери техника мен қосарланған мақсаттағы өнімдердің импортын, сондай-ақ экспортын қамтамасыз етуге қатысу;

4) конверсиялық бағдарламалар мен қорғаныс-өнеркәсіп кешенін дамыту бағдарламаларын әзірлеу және жүзеге асыру;

5) мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындауға қатысу;

6) жұмылдыру қуаттары мен резервтерін құру, жинақтау және сақтау жөніндегі жоспарлар мен тапсырмаларды қалыптастыруға және іске асыруға қатысу;

7) қорғаныс-өнеркәсіп кешенінде ғылыми-техникалық және технологиялық дамыту, соның ішінде өндірісті кеңейту, қайта жанарту және техникалық қайта жарактандыру жөніндегі бағдарламаларды іске асыру;

8) ғылымды қажетсінетін өнімдер өндіру жөнінде ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар жүргізу;

9) Компанияның ЕТҰ негізгі қызметінің шеңберінде шығарылатын тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді жүзеге асыру;

10) Жалғыз акционердің келісімі бойынша Компания активтерін қайта құрылымдау бағдарламасы мен жоспары шеңберінде активтерді сату;

11) оқ-дәрілерді, қару-жарақты және әскери техниканы, оларға арналған қосалқы бөлшектерді, құрамдауыш бұйымдар мен аспаптарды, сондай-ақ орнатуды, баптауды, пайдалануды, сақтауды, жөндеу мен сервистік қызмет көрсетуді қоса алғандағы олардың өндірісіне қажетті арнайы материалдарды әзірлеу, өндіру, жөндеу, сатып алу және сату;

12) негізгі қызмет шеңберінде тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді экспорттау, кері экспорттау, импорттау, қайта импорттау;

13) Компаниялар тобы шығаратын өнімдерді жеткізу бойынша лизингтік қызметтерді көрсету;

14) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарын технологиялық жаңғырту мен қайта жарактандырудың негізгі бағыттарына сәйкес қару-жарақ пен әскери техника өндірісін жаңғырту, сондай-ақ бәсекеге қабілетті, ғылымды қажетсінетін өнім өндірісіне арналған заманауи өнеркәсіптік технологияларды енгізу, жана өндірістер мен кәсіпорындарды ұйымдастыру арқылы Мемлекеттің қорғаныс өнеркәсібін дамыту;

15) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған негізгі қызмет шеңберіндегі сыртқы экономикалық қызмет;

16) мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс шарттарын орындауға арналған қызмет түрлерін жүзеге асыру;

17) негізгі қызметке тартылмаған негізгі құрал-жабдықтарды жалға беру.

Тізбесі заңнамалық актілермен белгіленетін, қызметтің жекелеген түрлерімен Компания тек қана лицензия негізінде айналыса алады.

17. Компания өзінің қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына, іскерлік этиканың жалпыға бірдей қабылданған қағидаттарына (әдет-ғұрыптарына), Компанияның Жарғысына, Корпоративтік басқару кодексінің қағидаларына және өзінің шарттық міндеттемелеріне сәйкес жүзеге асырады.

2-ТАРАУ. КОМПАНИЯНЫҢ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРЫ ЖӘНЕ ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ

6-бап. Компанияның акциялары және басқа да бағалы қағаздары

18. Компания қарапайым акциялар шығарады.

19. Акциялар құжаттамалықтан тыс нысанда шығарылады.

20. Қарапайым акция Жалғыз акционерге жалғыз акционердің карауына шығарылатын шешімдер қабылдау құқығын, Компанияның таза кірісі болған кезде Жалғыз акционердің тиісті шешімі негізінде дивидендтер, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен оны таратқан кезде Компания мүлкінің бір бөлігін алу құқығын береді.

21. Компания акцияларының иелері тізілімдерінің жүйесін жүргізуді онымен жасасқан шарт негізінде Компанияның тіркеушісі/орталық депозитарий жүзеге асырады.

Компанияның бағалы қағаздарына (акциялар) Жалғыз акционердің меншік құқығын растайтын құжаттар, акциялар иелерінің тізілімдері жүйесінен тіркеуші/орталық депозитарлық қызмет көрсетушісі және/немесе атаулы иесінің үзінді көшірмелері болып табылады.

7-бап. Компанияның жалғыз акционерінің құқықтары мен міндеттері

22. Компанияның жалғыз акционерінің:

1) Заңда және (немесе) осы Жарғыда көзделген тәртіппен Компанияны басқаруға қатысуға;

2) дивидендтер алуға;

3) Компанияның қызметі туралы ақпарат алуға, соның ішінде Компанияның жалғыз акционері немесе осы Жарғы белгілеген тәртіппен оның қаржылық есептемесімен танысуға;

4) Компанияның тіркеушісінен/орталық депозитарийінен немесе атаулы иесінен оның Компанияның бағалы қағаздарына меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алуға;

5) Компанияның Директорлар кеңесін сайлауға;

6) Компанияның органдарымен қабылдаған шешімдерге сот тәртібімен дауласуға;

7) өз атынан Компанияға лауазымды тұлғалармен келтірілген шығындарды Компанияға қайтаруы және Компанияның лауазымды тұлғаларымен және (немесе) олармен ықпалдас тұлғалармен жасалуына мүдделілік бар ірі мәмілелер және (немесе) мәмілелер жасасу (жасауға ұсыныс) туралы шешім қабылдау нәтижесінде олар алған пайданы (кірісті) қайтаруы туралы талаптарымен Заңда көзделген жағдайда сот органдарына жүгінуге;

8) Компанияға оның қызметі туралы жазбаша сұрау салуға және Компанияға сұрау түскен сәттен бастап отыз күнтізбелік күн ішінде уәждемелі жауаптар алуға;

9) Компанияны таратқан кезде мүліктің бір бөлігіне;

10) артықшылығы бар акцияларды немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Заңда белгіленген тәртіппен оның айналымдағы акцияларын Компанияның басқа да бағалы қағаздарын сатып алуға;

11) заңнамаға және осы Жарғыға сәйкес, Жалғыз акционердің карауына шығару үшін қосымша мәселелер енгізуді Директорлар кеңесіне ұсынуға;

12) Директорлар кеңесі отырысын шақыртуды талап етуге;

13) өз есебінен аудиторлық ұйымның Компанияның аудитін өткізуін талап етуге;

14) Компанияның акциялар санын немесе Заңда көзделген тәртіппен олардың түрлерін өзгерту туралы шешім қабылдауға;

15) Жыл қорытындысы бойынша Заңда көзделген тәртіппен Директорлар кеңесінің және (немесе) компания Басқармасының жекелеген мүшесіне сыйақы мөлшері туралы ақпарат алуға;

16) Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Жарғыға сәйкес өзге де құқықтарды пайдалануға құқығы бар.

Жарғының осы тармағымен белгіленген жалғыз акционердің құқықтарын шектеуге жол берілмейді.

23. Компанияның Жалғыз акционері:

1) Заңда көзделген тәртіппен акцияларды төлеуге;

2) он жұмыс күні ішінде Компания акциялары иелерінің тізілімдері жүйесін жүргізу үшін қажетті мәліметтердің өзгеруі туралы Компанияның тіркеушісін және жалғыз акционерге тиесілі акциялардың тіркеушісін/орталық депозитарлық иесін хабардар етуге;

3) Компания немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты жарияламауға;

4) Қазақстан Республикасының Заңына және өзге де заңнамалық актілеріне сәйкес өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

Компания мен Компанияның тіркеушісі/орталық депозитарлық иесі және (немесе) атаулы иесі Жалғыз акционердің осы тармақтың 2) тармақшасында белгіленген талаптарды орындамау салдары үшін жауапты болмайды.

3-ТАРАУ. МҮЛІК ЖӘНЕ ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛ

8-бап. Компанияның мүлкі және капиталы

24. Компанияның мүлкі:

1) жалғыз акционердің акцияларды төлеуге берген мүлкінің;

2) оның қызметі нәтижесінде алынған кірістердің;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған негіздемелер бойынша сатып алынатын өзге де мүліктің есебінен құралады.

25. Компанияның жарғылық капиталын ұлғайту Компанияның жарияланған акцияларын орналастыру арқылы жүзеге асырылады.

4-ТАРАУ. КОМПАНИЯНЫҢ ОРГАНДАРЫ

9-бап. Компания органдарының тізбесі

26. Компанияның органдары:

- 1) жоғарғы орган – Жалғыз акционер;
- 2) басқару органы – Директорлар кеңесі;
- 3) атқарушы орган – Басқарма төрағасы басшылық жасайтын

Басқарма.

4) Қазақстан Республикасының осы Заңына, өзге де нормативтік құқықтық актілеріне және (немесе) осы Жарғыға сәйкес өзге органдар болып табылады.

10-бап. Жалғыз акционер

27. Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде және осы Жарғыда акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді жалғыз акционер жеке өзі қабылдайды және жазбаша түрде ресімдеуге жатады.

28. Жалғыз акционердің қарауына шығарылатын мәселелер жөніндегі материалдар, осы мәселелер бойынша негізді шешімдер қабылдау үшін қажетті көлемдегі ақпаратты қамтуы тиіс.

29. Компанияның органдарын сайлау мәселелері бойынша материалдар ұсынылатын үміткерлер туралы төмендегі:

- 1) тегі, аты, сондай-ақ қалауы бойынша - әкесінің аты;
- 2) білімі туралы мәліметтер;
- 3) Компанияның үлестестігі туралы мәліметтер;
- 4) соңғы үш жылдағы жұмыс орындары мен атқарған қызметтері

туралы мәліметтер;

5) үміткерлердің біліктілігін, жұмыс тәжірибесін растайтын өзге де ақпаратты қамтуы тиіс.

30. Жалғыз акционердің қарауына шығарылатын, тиісті қаржылық жылдың қорытындысы бойынша мәселелер жөніндегі материалдар:

- 1) Компанияның жылдық қаржылық есептілігін;
- 2) жылдық қаржылық есептілікке аудиторлық есептілік;
- 3) Директорлар кеңесінің Компанияның өткен қаржы жылындағы таза кірісін бөлу тәртібі және Компанияның бір қарапайым акциясына есептегендегі бір жылғы дивидендтің мөлшері туралы ұсыныстарын;

4) Компанияның және оның лауазымды тұлғаларының іс-қимылына арналған Жалғыз акционердің өтінішін және оларды қарау қорытындылары туралы ақпаратын;

5) Директорлар кеңесінің атқарылған жұмыс туралы жылдық есебін;

6) Жалғыз акционердің шешім қабылдауы бастамашысының қарап шешуі бойынша өзге де құжаттарды қамтуы тиіс.

31. Жалғыз акционердің шешімдері Басқармада сақталуы және Жалғыз акционердің танысуы үшін кез келген уақытта ұсынылуы тиіс. Жалғыз акционердің талап етуі бойынша оған жалғыз акционердің шешімінің көшірмесі беріледі.

11-бап. Жалғыз акционердің ерекше құзыреті

32. Жалғыз акционердің ерекше құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

1) осы Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе Компанияның атауын өзгертуден өзге оны жаңа редакцияда бекіту;

2) корпоративтік басқару Кодексін бекіту, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

3) Компанияның жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе оның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;

4) Орналастыру (сату) туралы, соның ішінде, жарияланған акциялар саны шегінде орналастырылатын акциялардың саны, оларды орналастыру тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау.

5) Компанияның бағалы қағаздарын конвертациялау тәртібі мен шарттарын анықтау, сондай-ақ оларды өзгерту;

6) Компанияның қарапайым акцияларға конвертацияланатын бағалы қағаздарын шығару туралы шешім қабылдау.

7) Орналастырылған акциялардың бір түрін акциялардың басқа түріне ауыстыру туралы шешім қабылдау, осындай алмастырудың тәртібі мен шарттарын анықтау;

8) Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімін, сандық құрамын анықтау, оның Төрағасы мен мүшелерін сайлау, олардың өкілеттігін шұғыл тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелеріне міндеттемелерін орындағаны үшін сыйақы және шығындары өтемақысын төлеудің шарттары мен мөлшерін анықтау;

9) Директорлар кеңесі туралы қағиданы бекіту;

10) Компанияның аудитін жүргізетін аудиторлық ұйымды анықтау;

11) Компанияның жылдық қаржылық есептілігін бекіту;

12) Компанияның есептік қаржылық жылға таза табысын бөлу тәртібін бекіту, қарапайым акциялар бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылдау және Компанияның бір қарапайым акциясына есептегендегі дивидендтер мөлшерін бекіту;

13) Компанияның қарапайым акциялары бойынша дивидендтердің төленбегендігі туралы шешім қабылдау;

14) Компанияның акцияларын ерікті түрде делистингтеу туралы шешім қабылдау;

15) Компанияның өзге заңды тұлғаларды құру немесе қызметіне қатысқандығы немесе Компанияға тиесілі барлық активтерінің жиырма бес немесе оданда көп пайызын құрайтын сомада активтерінің бір бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру (алу) жолымен өзге заңды тұлғалардың (акционерлердің) қатысушылар құрамынан шығуы туралы шешім қабылдау;

16) Компаниямен ұйымдастырылмаған нарықтан Заңға және оның өзгертулеріне сәйкес оларды сатып алу кезінде акциялардың құнын анықтау әдістемесін бекіту;

17) Жалғыз акционерге Компанияның қызметі туралы ақпарат беру тәртібін анықтау, соның ішінде егер мұндай тәртіп осы Жарғымен белгіленбеген болса бұқаралық ақпарат құралдарын анықтау;

18) «Алтын акцияны» енгізу және жою;

19) Компания Директорлар кеңесінің ұсынымы бойынша мәміле жасасу немесе өзара байланыстағы мәмілелердің, оның (олардың) нәтижесінде Компания активтері бағасының жалпы мөлшерінен жиырма бес пайызын құрайтын мүлікті Компания сатып алады немесе иеліктен шығарады (сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін) жиынтығындағы мәмілелерді жасасу туралы шешім қабылдау;

20) Компаниямен жасалуына мүдделілік бар ірі мәміле жасасу туралы шешім қабылдау;

21) компанияның Даму стратегиясының жүзеге асырылуын бақылау және мониторингтеу;

22) Жалғыз акционермен белгіленетін тізім бойынша Компания қызметін реттейтін ішкі құжаттарды бекіту;

23) Жалғыз акционер бекітетін Компанияның ішкі құжаттарымен қарастырылған шешімдер қабылдау;

24) олар бойынша шешімдер қабылдау Қазақстан Республикасының Заңда, осы Жарғыда Жалғыз акционердің ерекше құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер.

33. Егер Заңмен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерімен өзгесі көзделмесе, олар бойынша шешімдер қабылдау Компанияның Жалғыз акционерінің ерекше құзыретіне жатқызылған мәселелерді Компанияның басқа органдарының, лауазымды тұлғаларының және қызметкерлерінің құзыретіне беруге рұқсат етілмейді.

34. Жалғыз акционер Компанияның ішкі қызметіне жататын мәселелер бойынша Компанияның өзге органдарының кез келген шешімін жоюға құқылы.

12-бап. Директорлар кеңесі

35. Компанияның Директорлар кеңесі Жалғыз акционердің шешімімен сайланады және Заңда және осы Жарғыда Компанияның Жалғыз акционерінің ерекше құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Компанияның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады және Жалғыз акционер бекітетін Директорлар кеңесі туралы ереже негізінде әрекет етеді.

36. Директорлар кеңесінің ерекше құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

1) қаржылық есептілік аудитін жүргізетін аудиторлық ұйымның қызметтеріне ақы төлеу мөлшерін белгілеу, сондай-ақ Компанияның акцияларының төлеміне берілген немесе осы Жарғының 27 бабына сәйкес ірі мәміле заты болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау бойынша бағалаушыны анықтау;

2) Компания қызметінің басым бағыттарын белгілеу және Компанияның Даму стратегиясын мақұлдау;

3) Даму жоспарын және заңнамамен белгіленген тәртіпте оның орындалуы туралы есептілікті бекіту;

4) Директорлар кеңесімен анықталатын, соның ішінде шарттар мен талаптар қоятын ішкі құжаттың аукциондар өткізу және Компанияның бағалы қағаздарын жазылу тізімі бойынша Компанияның ішкі қызметін (Компания қызметін ұйымдастыру мақсатында Басқармамен бекітілетін құжаттардан бөлек) реттейтін құжаттарды бекіту;

5) Компанияның орналастырылған акцияларын немесе басқа да бағалы қағаздарын өтеуін төлеп алу және олардың өтеуін төлеп алудың бағасы туралы шешім қабылдау;

6) Компанияның қаржылық есептілігін алдын-ала бекіту, соның ішінде өткен қаржылық жылға арналған Компанияның таза табысын бөлу тәртібі және Компанияның бір қарапайым акциясына шаққандағы жыл бойынша дивиденд мөлшері туралы ұсыныс енгізу;

7) Компанияның облигациялары мен туынды бағалы қағаздарын шығару шарттарын айқындау, сондай-ақ оларды шығару туралы шешім қабылдау;

8) Компания Директорлар кеңесі комитетінің сандық құрамын анықтау және құру, Төраға мен комитет мүшелерінің өкілеттігін тағайындау және шұғыл тоқтату, олар туралы қағиданы бекіту;

9) Басқарманың өкілеттік мерзімін, сандық құрамын анықтау, Төраға мен Басқарма мүшелерін тағайындау (сайлау), сондай-ақ олардың өкілеттігін шұғыл тоқтату;

10) Компания Төрағасы мен Басқарма мүшелері үшін лауазымдық айлықақы, еңбек төлемдерінің (өтемақылық төлемдердің көлемін қосқандағы) шарттары, сыйлықақы және әлеуметтік көмек көлемін, сондай-ақ қызметінің негізгі көрсеткіштерін бекіту және олардың мақсатын анықтау;

11) Компания Төрағасы мен Басқарма мүшелерін, сондай-ақ Компанияның Директорлар кеңесімен анықталатын тәртіпте Директорлар кеңесіне есеп беруге міндетті Компания қызметкерлерін тәртіптік жауапкершілікке тарту;

12) Компанияның Ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттіктерінің мерзімін белгілеу, оның басшысы мен қызметкерлерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, оның қызметкерлеріне еңбекақы төлеу және сыйлықақы беру мөлшері мен әлеуметтік қолдау шарттарын белгілеу, сондай-ақ Компанияның Ішкі аудит қызметі басшысына арналған қызметінің негізгі көрсеткіштерін (ҚНК) бекіту;

13) Комплаенс-офицерді тағайындау және өкілеттігін шұғыл тоқтату, оның өкілеттігінің, еңбек ақысының шарттары мен мөлшері, сыйақы және әлеуметтік қолдау, сондай-ақ Комплаенс-офицердің қызметінің негізгі көрсеткіштерін бекіту;

14) Омбудсменді тағайындау және өкілеттігін шұғыл тоқтату, оның өкілеттігінің, еңбекақысының шарттары мен мөлшері, сыйақы және әлеуметтік қолдау, сондай-ақ Омбудсменнің қызметінің негізгі көрсеткіштерін бекіту;

15) Компанияның Корпоративтік хатшысын тағайындау, өкілеттік мерзімін белгілеу, өкілеттігін шұғыл тоқтату, лауазымдық айлық ақысының мөлшерін белгілеу, сыйақы және әлеуметтік қолдау шарттары, сондай-ақ Компания Корпоративтік хатшысының мақсат картасын бекіту;

16) Жалғыз акционер немесе Директорлар кеңесі бекітетін ішкі құжаттарға сәйкес Директорлар кеңесінің құзыретіне жататын шешімдер қабылдау;

17) Компанияның филиалдары мен өкілдіктерін құру және оларды жабу туралы шешімдер қабылдау, сондай-ақ олар туралы ережелерді бекіту;

18) Компанияның міндеттемелерін оның меншік капиталы көлемінің он және одан көп пайызын құрайтын шамаға ұлғайту туралы шешім қабылдау;

19) Компанияның немесе оның қызметтік, коммерциялық немесе өзге де заңмен қорғалатын құпияларын құрайтын қызметі туралы ақпаратты айқындау;

20) Компанияның өзге заңды тұлғаларды құруға немесе қызметіне қатысуы немесе Компанияға барлық тиесілі активтердің кемінде жиырма бес пайызын құрайтын сомада активтердің бір бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру (алу) арқылы өзге заңды тұлғалардың қатысушылары (акционерлері) құрамынан шығуы туралы шешім қабылдау;

21) осы тармақтың 20) тармақшасында көзделген шектеулерді ескере отырып, Компанияның басқа заңды тұлғалар акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерінің) он және одан артық пайыздарын сатып алуы (иеліктен шығаруы), сенімгерлік басқаруға беру (алу) туралы шешім қабылдау;

22) Компанияның жылдық есебін бекіту;

23) жасасуы туралы шешім қабылдау Компанияның Жалғыз акционерінің құзыретіне жатқызылған ірі мәмілелерден бөлек, нәтижесінде Компания құны Компания активтерінің жалпы мөлшерінің оннан жиырма беске дейінгі пайызын құрайтын мүлік сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын (сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін) мәмілені немесе өзара байланысты мәмілелер жиынтығын (бұдан әрі – ірі мәміле) жасасу туралы шешім қабылдау;

24) осы Жарғының 11-бабы 32-тармағының 20) тармақшасымен қарастырылған мәміле жасасудан бөлек, жасалуына Компанияның мүдделілігі бар мәмілелер жасау туралы шешім қабылдау;

25) Компания қызметкерлерінің жалпы санын және Компанияның ұйымдастырушылық құрылымын бекіту;

26) Компанияның тәуекелдерді басқару жөніндегі ішкі құжаттарын (Компанияның ішкі құжаттарымен Компанияның басқа органдарының

құзыретіне жатқызған мәселелерден бөлек) бекіту, сондай-ақ оларды жетілдіру, сақталуын және тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділік талдауын қамтамасыз ету;

27) Компанияның Ішкі аудит қызметінің жылдық аудиторлық жоспарын бекіту, Компанияның Ішкі аудит қызметінің тоқсандық және жылдық есептіліктерін қарау және олар бойынша шешімдер қабылдау;

28) акцияларының (жарғылық капиталындағы қатысу үлесінің) он және одан көп пайызы Компанияға тиесілі заңды тұлға акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне жататын, қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;

29) Компанияның ішкі бақылау жүйесін сақтауды қамтамасыз ету және оның тиімділігін бағалау және ішкі бақылау жүйесін реттейтін ішкі құжаттарды бекіту;

30) Компанияның корпоративтік басқару тиімділігін бағалау;

31) егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгесі белгіленбесе, басқа ұйымдарда жұмыс істеу және/немесе лауазымдар алу мүмкіндігіне қатысты, тағайындау немесе тағайындауға келісім беру Директорлар кеңесінің құзыретіне жататын Компанияның Басқарма мүшелері мен басқа да қызметкерлеріне келісім беру туралы шешім қабылдау;

32) Директорлар кеңесімен берілген лимиттер шеңберінде Компаниямен демеушілік (қайырымдылық) көмек көрсету туралы шешім қабылдау;

33) Жалғыз акционерге ұсыну үшін Директорлар кеңесінің жұмысы туралы жылсайынғы есептілікті дайындау және мақұлдау;

34) Қазақстан Республикасының Заңдарында және (немесе) осы Жарғыда көзделген Жалғыз акционердің ерекше құзыретіне жатқызылмайтын өзге де мәселелер;

37. Директорлар кеңесінің ерекше құзыретіне жатқызылған мәселелер, шешімін табу үшін Компания Басқармасына берілмейді.

38. Директорлар кеңесі:

1) лауазымды тұлғалар және Жалғыз акционер деңгейінде ықтимал мүдделер қақтығыстарын, соның ішінде Компания меншігін заңсыз пайдалануды және оларды жасасу мүдделілігі бар мәмілелерді жасасу кезіндегі теріс пайдаланушылықтарды байқап, мүмкіндігінше жоюға тиіс;

2) Компаниядағы корпоративтік басқару тәжірибесінің тиімділігіне бақылауды жүзеге асыруы тиіс.

39. Директорлар кеңесі осы Жарғыға сәйкес Компания Басқармасының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешім қабылдауға, сондай-ақ Жалғыз акционердің шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқылы емес.

40. Аса маңызды мәселелерді қарау және Директорлар кеңесіне ұсынымдар дайындау үшін Компанияда Директорлар кеңесінің комитеттері (бұдан әрі – Комитеттер) құрылуы тиіс.

41. Комитеттер мынадай мәселелерді қарастырады:

- 1) ішкі және сыртқы аудит;
- 2) кадрлар және сыйақылар;
- 3) стратегиялық жоспарлау;
- 4) әлеуметтік мәселелер;
- 5) өзге де мәселелер.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде аталған мәселерді қарау, Директорлар кеңесінің жекелеген комитеттері қарастыратын ішкі аудит қызметінен бөлек, Директорлар кеңесінің бір немесе бірнеше комитеттерінің құзыретіне жатқызылуы мүмкін.

42. Комитеттер Директорлар кеңесінің мүшелерінен және нақты комитетте жұмыс атқару үшін қажетті кәсіби білімі бар сарапшылардан тұрады.

Директорлар кеңесінің комитетін Директорлар кеңесінің мүшесі басқарады. 41-тармақтың 1) – 4) тармақшаларында көрсетілген Директорлар кеңесінің комитеттерінің басшылары (төрағалары) тәуелсіз директорлар болып табылады. Басқарма төрағасы Комитет төрағасы бола алмайды.

43. Комитеттерді құру және олардың жұмыс істеу тәртібі, олардың саны, сондай-ақ олардың сандық құрамы Компанияның Директорлар кеңесімен бекітілетін Комитеттер туралы қағидалармен белгіленеді.

13-бап. Директорлар кеңесінің құрамы

44. Жеке тұлға ғана Директорлар кеңесінің мүшесі бола алады.

Директорлар кеңесінің мүшелері жалғыз акционердің шешімімен:

1) Жалғыз акционердің өкілдері ретінде Директорлар кеңесінде сайлауға ұсынылған (ұсыным етілген) адамдардың;

2) Жалғыз акционердің өкілі ретінде Директорлар кеңесінде сайлануға ұсынылмаған (ұсыным етілмеген) жеке адамдардың арасынан сайланады және қайта сайланады.

45. Директорлар кеңесінің мүшесі заңнамалық актілерге және (немесе) осы Жарғыға сәйкес, өзіне жүктелген функцияларды орындауды өзге тұлғаларға беруге құқылы емес.

Директорлар кеңесінің мүшесі болып, заңнамада белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар адам сайлана алмайды.

46. Оның Төрағасынан басқа Директорлар кеңесінің мүшелері Басқарма мүшелері бола алмайды. Директорлар кеңесінің төрағасы болып Басқарма төрағасы сайлана алмайды.

47. Директорлар кеңесі мүшелерінің саны кемінде үш адам болуы тиіс. Компания Директорлар кеңесі құрамының кемінде отыз пайызы тәуелсіз директорлар болуы тиіс.

48. Директорлар кеңесінің мүшелігіне үміткерлер мен Директорлар кеңесі мүшелерінің өздерінің міндеттерін орындау және Жалғыз акционердің мүддесіне Директорлар кеңесінің бүкіл жұмысын тиімді ұйымдастыру үшін

кажетті іскерлік және/немесе салалық ортада тиісті жұмыс тәжірибесі, білімі, біліктілігі, оң жетістіктері мен мінсіз беделі болуы тиіс.

49. Директорлар кеңесінің құрамына сайланатын адамдарға қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының заңнамасында, осы Жарғыда, Корпоративтік басқару кодексінде және Компанияның өзге де ішкі құжаттарында белгіленеді.

50. Мемлекеттік қызметшілер болып табылатын және өзінің өкілеттіктерін лауазымдық міндеттеріне сәйкес жүзеге асыратын Директорлар кеңесінің мүшелері, Директорлар кеңесінде өздерінің өкілеттіктерін жүзеге асырғаны үшін сыйақы алмайды. Басқарма төрағасы Директорлар кеңесіндегі жұмысы үшін сыйақы алмайды.

14-бап. Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттіктері мерзімі

51. Директорлар кеңесінің мүшелері сайланатын мерзім үш жылдан аспайды. Директорлар кеңесінің құрамына қатарынан алты жылдан артық мерзімге сайланған кез келген мерзім Директорлар кеңесінің құрамын сапалық жағынан жанарту қажеттігін ескере отырып ерекше қаралуы тиіс.

52. Директорлар кеңесі өкілеттіктерінің мерзімі Жалғыз акционердің шешімімен белгіленеді.

Директорлар кеңесі өкілеттіктерінің мерзімі Жалғыз акционердің шешімімен Директорлар кеңесінің жаңа құрамын сайлаған күннен бастап аяқталады.

53. Жалғыз акционер Директорлар кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

54. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттіктерін оның бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтату Директорлар кеңесінің жазбаша хабарламасы негізінде жүзеге асырылады.

Егер хабарламада Директорлар кеңесінің мүшесі өкілеттігінің мерзімінен бұрын тоқтатылған күні көрсетілмесе, Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттігі Директорлар кеңесі көрсетілген хабарламаны алған сәттен бастап тоқтатылады.

55. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатқан жағдайда Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау Жалғыз акционердің шешімімен жүзеге асырылады, бұл ретте Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшесінің өкілеттіктері тұтасымен алғанда Директорлар кеңесі өкілеттіктерінің мерзімі аяқталуымен бір мезгілде аяқталады.

56. Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

57. Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшелері мен Компания арасындағы қатынастар Қазақстан Республикасы заңнамасының, Корпоративтік басқару кодексінің және Компанияның ішкі құжаттарының талаптарын ескере отырып, шарттармен ресімделеді.

58. Компания директорлар сыйақысының мөлшері туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ашады.

15-бап. Директорлар кеңесінің төрағасы

59. Компанияның Директорлар кеңесінің төрағасы Жалғыз акционердің шешімімен сайланады. Жалғыз акционер кез келген уақытта Компанияның Директорлар кеңесінің төрағасын қайта сайлауға құқылы.

60. Директорлар кеңесінің төрағасы:

1) Директорлар кеңесіне басшылықты жүзеге асырады және оның тиімді қызметін, сондай-ақ Жалғыз акционермен байланысты қамтамасыз етеді;

2) Директорлар кеңесі мүшелерінің Директорлар кеңесінің қызметіне тиімді үлесін, атап айтқанда, Директорлар кеңесінің мүшелері мен Басқарма арасында сындарлы қатынастарды қамтамасыз етеді;

3) Директорлар кеңесі мүшелерінің нақты және айқын ақпаратты уақытылы алуын қамтамасыз етеді;

4) Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелеріне лауазымға кіріспе бағдарламасын ұсынуды қамтамасыз етеді;

5) Директорлар кеңесінің мәжілістерін шақырады, оларға төрағалық етеді;

6) осы Жарғыда белгіленген тәртіппен мәжілістерде хаттама жүргізуді ұйымдастырады;

7) Жалғыз акционер белгілеген мерзімдерде Директорлар кеңесінің өткен күнтізбелік жылдағы қызметі туралы есеп береді;

8) Компанияның атынан Компания Басқармасының төрағасымен Компания Басқармасының төрағасын материалдық көтермелеу мен оның жауапкершілігінің қызмет нәтижелеріне және Компанияның Даму жоспарын, Компанияның бюджетін (1 жылға арналған бизнес-жоспарын) орындауға тікелей байланыстылығын қарастыратын еңбек шартын жасасады;

9) осы Жарғының 56-тармағына сәйкес Компанияның атынан Компанияның тәуелсіз директорымен шарт жасасады;

10) Компанияның Жалғыз акционерін Директорлар кеңесі мүшелерінің, Компанияның Төрағасы мен Басқарма мүшелері сыйақыларының мөлшері туралы хабардар етеді;

11) заңнамада және осы Жарғыда, компанияның Басқару Кодексінде белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

61. Директорлар кеңесінің төрағасы болмаған кезде, оның қызметін Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Директорлар кеңесінің бір мүшесі атқарады.

16-бап. Директорлар кеңесінің мәжілісін шақыру

62. Директорлар кеңесінің мәжілісі Төрағаның немесе Компания Басқармасының бастамасы бойынша немесе

1) Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің,

2) Компанияның ішкі аудиті қызметінің,

3) Компанияның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның,

4) Жалғыз акционердің талабы бойынша шақырылуы мүмкін.

63. Директорлар кеңесінің мәжілісін шақыру туралы талап Директорлар кеңесі мәжілісінің ұсынылатын күн тәртібін қамтитын тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы Директорлар кеңесінің төрағасына қойылады.

Директорлар кеңесінің төрағасы мәжіліс шақырудан бас тартқан жағдайда бастамашы көрсетілген талаппен Директорлар кеңесінің мәжілісін шақыруға міндетті Компания Басқармасына жүгінуге құқылы.

Директорлар кеңесінің мәжілісін Директорлар кеңесінің төрағасы немесе Компания Басқармасы шақыру туралы талап түскен күннен бастап он күннен кешіктірмей шақыруы тиіс.

Директорлар кеңесінің мәжілісі көрсетілген талапты қойған тұлғаны міндетті түрде шақыру арқылы өткізіледі.

64. Осы Жарғының 12-бабының 36-тармағында белгіленген Директорлар кеңесінің мәжілісі күн тәртібінің мәселелері және көлемді қосымшаларды қамтитын және/немесе сараптама өткізуге айтарлықтай уақытша шығындарды талап ететін өзге де мәселелер жөніндегі материалдарды Директорлар кеңесінің мәжілісін өткізуге бастамашы тұлға міндетті түрде Директорлар кеңесінің мәжілісін шақыру туралы талаппен бір мезгілде Директорлар кеңесінің төрағасына ұсынады.

Директорлар кеңесінің мәжілісіне материалдарды Директорлар кеңесінің мәжілісін өткізуге бастамашы тұлғамен Директорлар кеңесінің мәжілісі өткетін күнге дейін кемінде 10 (он) күнтізбелік күн бұрын ұсынылады.

Директорлар кеңесінің мәжілісін өткізу туралы жазбаша хабарламалар, мәжілістің күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарды қоса беру арқылы Директорлар кеңесінің мүшелеріне Директорлар кеңесінің мәжілісін өтетін күніне дейінгі 7 (жеті) күнтізбелік күннен кешіктірілмей жолдануы керек.

Төтенше жағдайларда материалдар Директорлар кеңесі төрағасының шешімі бойынша өзге мезгілдерде жіберілуі мүмкін.

Мәміле туралы ақпаратқа мүдделілігі бар ірі мәмілелерді және (немесе) мәмілелерді жасау туралы шешім қабылдау туралы мәселені қарастырған жағдайда, мәміле тараптары, мәміленің орындалу мерзімдері мен шарттары, тартылған тұлғалардың қатысу үлесінің сипаты мен көлемі туралы мәліметтер, сондай-ақ бағалаушының есебі (Заңда көзделген жағдайда) қамтылуға тиіс.

Директорлар кеңесінің мәжілісіне төменде көрсетілген маңызды мәселелер бойынша материалдар Директорлар кеңесінің мәжілісі өтетін күнге дейін кемінде 15 (он бес) күнтізбелік күні бұрын жіберіледі:

1) Компания қызметінің басым бағыттарын анықтау және Компанияның Даму стратегиясын мақұлдау;

2) Даму жоспарын бекіту, Даму жоспарының қызметінің негізгі көрсеткіштерінің орындалуын бақылау, Даму жоспарының орындалуы бойынша тоқсан сайынғы есептерін қарау;

3) Компанияның орналастырылған акцияларды немесе басқа бағалы қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;

4) Компанияның жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту, оның ішінде Компанияның өткен қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібі және Компанияның бір жай акциясына шаққандағы бір жыл ішіндегі дивидендтің мөлшері туралы ұсыныстарды шығару;

5) Компанияның жылдық есебін бекіту;

6) Компанияның өзге заңды тұлғаларды құруға қатысуы немесе олардың қызметі не Компанияға тиесілі барлық активтердің жиырма бес пайызынан азын құрайтын сомада активтердің бір бөлігін немесе бірнеше бөліктерін беру (алу) арқылы өзге заңды тұлғалардың қатысушылар (акционерлер) құрамынан шығуы туралы шешім қабылдау;

7) Компанияның басқа заңды тұлғалардың акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлесінің) он және одан көп пайызын сенімгерлік басқаруға сатып алу (иеліктен шығару) беру (алу) туралы шешім қабылдау;

8) Ірі мәмілелерді жасасу туралы шешім қабылдау;

9) Компания қызметкерлерінің жалпы саны мен Компанияның ұйымдық құрылымын бекіту.

65. Директорлар кеңесінің мүшесі өзінің Директорлар кеңесінің мәжілісіне қатыса алмайтындығы туралы Компания Басқармасына күні бұрын хабарлауға міндетті.

17-бап. Директорлар кеңесінің мәжілістерін өткізу тәртібі

66. Директорлар кеңесінің мәжілісін өткізу үшін мәжіліске Компанияның Директорлар кеңесі мүшелерінің санынан кемінде жартысының қатысуы кворум болып саналады және бейнеконференцияларды (интерактивті), конференциялық байланысты (Директорлар кеңесі мүшелерінің телефондық кеңесі режимінде бір мезгілде сөйлесуі), байланыстың өзге де құралдарын пайдалануы арқылы мәжілістерге қатысушы Директорлар кеңесінің мүшелерін ескере отырып, сонымен қатар Директорлар кеңесінің жоқ мүшелерін ескере отырып (олардың жазбаша түрде көрсетілген дауыстары болғанда) анықталады.

Бұл орайда күн тәртібі бойынша мұндай жазбаша хабарлама мыналарды қамтуы тиіс:

1) жасалған күнін;

2) Директорлар кеңесі мүшесінің пікірін жазбаша хабарлама жіберу арқылы білдіретін күн тәртібін;

3) күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша нақты көрсетілген айқындаманы;

4) қолтаңба;

5) Директорлар кеңесі мүшесінің көзқарасына қарай күн тәртібіне қатысты өзге де мәліметтер.

Директорлар кеңесінің мүшесі ұсынған күн тәртібі бойынша жазбаша хабарлама дауыстар қорытындысын есептеуде есепке алынады және күн тәртібі бойынша жазбаша хабарлама жіберу арқылы Директорлар кеңесінің осы мүшесінің дауыс беруі туралы жазба жазылатын отырыс хаттамасына тігіледі.

Егер бұдан бұрын күн тәртібі бойынша жазбаша хабарлама ұсынған Директорлар кеңесінің мүшесі аралас дауыс беру пайдаланылатын Кеңес отырысына қатысу және дауыс беру үшін келсе, оның жазбаша пікірі есепке алынбайды.

Директорлар кеңесінің осындай отырыстарда қабылданған шешімдерін ресімдеу тәртібі Директорлар кеңесі туралы қағидамен анықталады.

67. Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны кворумға қол жеткізу үшін жеткіліксіз болған жағдайда, Директорлар кеңесі Жалғыз акционерге Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау жөнінде өтінішпен жүгінуге міндетті. Директорлар кеңесінің қалған мүшелері тек Жалғыз акционерге көрсетілген өтінішті жіберу туралы шешім қабылдауға құқылы.

68. Директорлар кеңесінің күндізгі отырыстарының күн тәртібі отырыс барысында қажеттілігіне қарай Компанияның Директорлар кеңесінің барлық мүшелерінің келісімі жағдайында толықтырылуы мүмкін.

69. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие. Егер заңда өзгесі көзделмесе, Директорлар кеңесінің шешімдері мәжіліске қатысушы Директорлар кеңесі мүшелерінің қарапайым көпшілік даусымен қабылданады.

Дауыстар тең болған жағдайда, Директорлар кеңесі төрағасының немесе Директорлар кеңесіне төрағалық еткен тұлғаның дауысы шешуші болып табылады.

70. Директорлар кеңесі тек Директорлар кеңесінің мүшелері қатыса алатын өзінің жабық мәжілісін өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы.

71. Директорлар кеңесі дауыс берудің бетпе-бет және сырттай нысанымен отырыс өткізеді.

72. Компания мүдделі мәмілелерді жасасу туралы шешім Директорлар кеңесінің оны жасасуға мүдделі емес мүшелерінің қарапайым көпшілік даусымен қабылданады.

Компания мүдделі мәмілелерді жасасу туралы шешімді Жалғыз акционер мынадай жағдайда:

- 1) 1) егер Компания Директорлар кеңесінің барлық мүшелері мүдделі тұлғалар болып табылса;
- 2) Директорлар кеңесі шешім қабылдау үшін қажетті дауыс саны болмағандықтан осындай мәміле жасасу туралы шешім қабылдау мүмкін болмаған;
- 3) Онда осындай мәміле ірі мәміле болып табылса қабылдайды.

73. Сырттай дауыс беруді өткізу кезінде Директорлар кеңесінің мүшелеріне бірыңғай нысандағы дауыс беру бюллетеньдері жіберіледі (таратылады).

Дауыс беру нәтижелеріне ықпал ету мақсатында дауыс беруге арналған бюллетеньдерді Директорлар кеңесінің жекелеген мүшелеріне іріктеп жіберуге жол берілмейді.

74. Дауыс беруге арналған бюллетень Директорлар кеңесінің мүшелеріне Директорлар кеңесінің сырттай мәжілісі өтетін күнге дейін 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей жіберілуі тиіс.

75. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетень:

- 1) Компанияның толық атауы мен орналасқан жерін;
- 2) сырттай мәжіліс шақырудың бастамашысы туралы мәліметтерді;
- 3) Директорлар кеңесінің сырттан дауыс беруге арналған бюллетеньдерін тапсырудың соңғы күні мен уақытын;
- 4) Директорлар кеңесінің сырттай мәжілісін өткізудің (дауысты есептеудің) күні мен уақытын;
- 5) Директорлар кеңесінің сырттай мәжілісінің күн тәртібін;
- 6) дауыс беру жүргізілетін мәселелердің тұжырымдамасын;
- 7) күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша «иә», «қарсы», «қалыс қалды» деген сөздермен білдірілген дауыс беру нұсқаларын;
- 8) Директорлар кеңесі мүшелерінің тілегі бойынша өзге де мәліметтерді баяндауға арналған орынды қамтуы тиіс.

76. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньге Директорлар кеңесінің мүшесі, Корпоративтік хатшы немесе соңғысы болмаған жағдайда Директорлар кеңесінің мәжілісі хатшысының функцияларын жүзеге асыратын адам қол қоюы тиіс.

Директорлар кеңесі мүшесінің қолы қойылмаған бюллетень жарамсыз болып саналады.

Дауыстарды есептеу кезінде олар бойынша Директорлар кеңесінің мүшесі дауыс берудің мүмкін болатын нұсқаларынан біреуін ғана белгілеген мәселелер бойынша дауыстар есепке алынады.

77. Директорлар кеңесінің сырттай мәжілісінің шешімі қол қойылған бюллетеньдерді тігу жолымен жазбаша түрде ресімделеді, оған Компания Директорлар кеңесінің төрағасы, Корпоративтік хатшы немесе ол болмаған жағдайда Директорлар кеңесінің мәжілісі хатшысының функцияларын жүзеге асыратын адам қол қоюы тиіс.

Компанияның Директорлар кеңесінің сырттай мәжілісінің шешімі белгіленген мерзімде алынған бюллетеньдерде кворум болған кезде қабылданған болып танылады.

Шешім ресімделген күннен бастап жиырма күн ішінде негізінде осы шешім қабылданған бюллетеньдердің көшірмелерін қоса Компанияның Директорлар кеңесінің мүшелеріне жіберілуі тиіс.

78. Директорлар кеңесінің оның бетпе-бет мәжілісінде қабылданған шешімдері мәжілісті өткізген күннен бастап 3 (үш) күн ішінде мәжіліске төрағалық еткен тұлғамен және Корпоративтік хатшымен немесе Директорлар кеңесі мәжілісінің хатшысы болған тұлғамен құрылатын және қол қойылатын:

- 1) Компания Басқармасының толық атауы мен орналасқан жерін;
- 2) мәжілісті өткізу күнін, уақытын және орнын;
- 3) мәжіліске қатысқан адамдар туралы мәліметтерді;
- 4) мәжілістің күн тәртібін;
- 5) Директорлар кеңесі мәжілісінің күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің дауыс беру нәтижесін көрсете отырып, олар бойынша дауысқа беруге қойылған мәселелерді және олар бойынша дауыс беру қорытындысын,
- 6) қабылданған шешімдерді;
- 7) Директорлар кеңесінің шешімі бойынша өзге де мәліметтерді қамтуы тиіс хаттамамен ресімделеді;

79. Директорлар кеңесі мәжілісінің хаттамалары және Директорлар кеңесінің сырттай дауыс беру жолымен қабылданған шешімдері Компанияда сақталады.

80. Корпоративтік хатшы немесе ол болмаған жағдайда Директорлар кеңесі хатшысының функцияларын жүзеге асыратын адам Директорлар кеңесі мүшесінің талабы бойынша оған Директорлар кеңесі мәжілісінің хаттамасын және сырттай дауыс беру жолымен қабылданған шешімдерді танысу үшін ұсынуға және (немесе) оған хаттама мен шешімнің өзінің қолымен және Компания мөрінің таңбасымен куәландырылған көшірмелерін беруге міндетті.

81. Директорлар кеңесінің мәжілісіне қатыспаған Компанияның Директорлар кеңесінің мүшесі немесе Компанияның Директорлар кеңесі Заңда және осы Жарғыда белгіленген тәртіпті бұза отырып қабылдаған шешіміне қарсы дауыс берген мүшесі оны сот тәртібімен дауласуға құқылы.

82. Егер көрсетілген шешіммен Компанияның және (немесе) Жалғыз акционердің құқықтары мен заңды мүдделері бұзылса, Жалғыз акционер Компанияның Директорлар кеңесінің Заңның және осы Жарғының талаптарын бұза отырып қабылдаған шешіміне сотта дауласуға құқылы.

18-бап. Компания Басқармасы

83. Компанияның ағымдағы қызметіне басшылық ету алқалы атқарушы орган - құрамына Басқарма төрағасынан, Басқарма төрағасының орынбасарларынан және Басқарманың өзге де мүшелерінен тұратын Компания Басқармасымен жүзеге асырылады.

84. Компания Басқармасы Қазақстан Республикасының заңымен, өзге де заңнамалық актілерімен және осы Жарғымен Компанияның басқа органдары мен лауазымды тұлғаларының құзыретіне жатқызылмаған, Компания қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешімдер қабылдауға құқылы.

85. Басқарма Жалғыз акционердің және Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.

86. Басқарма мүшесі егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе басқа ұйымдарда Директорлар кеңесінің келісімімен ғана жұмыс істеуге және лауазымға орналасуға құқылы.

Компанияның Басқармасы төрағасы атқарушы орган басшысының не атқарушы органның функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын тұлғаның, басқа заңды тұлғаның лауазымына орналасуға құқылы емес.

87. Басқарма мүшесінің функциялары, құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының Заңында, өзге де заңнамалық актілерінде, осы Жарғыда, Корпоративтік басқару кодексінде, Басқарма туралы ережеде және Компанияның өзге де ішкі құжаттарында, сондай-ақ Компаниямен жасасатын еңбек шартында белгіленеді. Басқарма төрағасымен жасасатын еңбек шартына Компанияның атынан Директорлар кеңесінің төрағасы немесе бұған жалғыз акционер немесе Директорлар кеңесінің шешімімен уәкілеттік берілген тұлға қол қояды. Басқарманың қалған мүшелерімен жасасатын еңбек шартына Басқарма төрағасы қол қояды.

88. Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 52-бабы 1-тармағының 23) тармақшасында көзделген негіздеме бойынша жұмыс берушінің бастамасымен Басқарма төрағасымен, Басқарма төрағасының орынбасарларымен және Басқарманың өзге де мүшелерімен, сондай-ақ ішкі аудит Қызметінің қызметкерлерімен және Корпоративтік хатшымен еңбек катынастарын тоқтату Директорлар кеңесінің тиісті шешімінің негізінде жүзеге асырылады.

89. Басқарма мүшелерінің саны үш адамнан кем болмауы тиіс.

Компанияның Басқарма төрағасы мен мүшелері үш жылға дейінгі мерзімге сайланады. Компанияның Басқарма төрағасы мен мүшелерінің өкілеттік мерзімдері жалпы Басқарма өкілеттіктерінің мерзімдеріне сай болады.

90. Компанияда тәуекелдерді басқару мәселелері бойынша шешімдерді жедел қабылдау мақсатында Компания Басқармасының жанынан Тәуекелдер жөніндегі комитет құрылуы мүмкін.

Тәуекелдер жөніндегі комитет Компания Басқармасына есеп беруге тиісті және оған Компания Басқармасы берген өкілеттіктер шеңберінде іс-қимыл жасайды.

Компания Басқармасының жанындағы Тәуекелдер жөніндегі комитетті құру мен жұмыс тәртібі, сондай-ақ оның сандық құрамы Компанияның ішкі құжаттарымен белгіленеді.

19-бап. Басқарманың құзыреті

91. Компания Басқармасының айрықша құзыретіне келесі мәселелер жатады:

1) Компанияның жылдық қаржылық есептемесін мақұлдау және оны Компанияның Директорлар кеңесінің алдын ала бекітуіне ұсыну;

2) мәміле жасасу немесе өзара байланыстағы мәмілелердің жиынтығы туралы шешім қабылдау, оның (олардың) нәтижесінде Компания активтері

